

"Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 1-НҚ қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 наурызда № 14895 болып тіркелді

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 тіркелген, 2016 жылы 11 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы нормативтік қаулыға 6-қосымшаға сәйкес 900. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты;"

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сапа бақылауын жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының басшылары құжаттарды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігі мәніне тұрақты түрде тексеру жолымен сапа бақылауын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.";

7-тармақ алып тасталсын;

6-қосымша осы нормативтік қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрағасы*

Қ. Жаңбыршин

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің
2017 жылғы 10 ақпандағы
№ 1-НҚ нормативтік қаулысына
қосымша
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің
2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 5-НҚ нормативтік қаулысына
6-қосымша

900. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне Есеп комитетінің жұмысы, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының көрсеткіштері туралы жедел ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастыруына және ұсынуына, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихатына және әкіміне ұсынылатын ақпаратты қалыптастыруына және ұсынуына қойылатын рәсімдік талаптарды қамтиды.

2. Стандарттың мақсаты сыртқы мемлекеттік аудит органдарының ақпаратты қалыптастыруына және ұсынуына бірыңғай тәсілдерді және рәсімдерді белгілеу болып табылады.

3. Осы Стандарттың күші сыртқы мемлекеттік аудит органдарының құрылымдық бөлімшелеріне және лауазымды адамдарына қолданылады.

4. Стандарттың негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

1) сенімділік – ұсынылатын ақпараттың анықтығы және оларда қателердің болмауы ;

2) толықтық және ашықтық – жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының көрсетілуі, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін баяндаудың анықтығы;

3) салыстырмалылық – түрлі кезеңдегі және түрлі сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының (бұдан әрі – мемлекеттік аудит органдары) ақпаратын салыстыру мүмкіндігі;

4) уақтылылық – анық ақпаратты жедел жинау, есеп пен ақпаратты белгіленген мерзімдерде дайындау және ұсыну.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Президентіне ақпаратты дайындау және ұсыну

1-параграф. Ақпаратты қалыптастыру тәртібі және ұсыну мерзімдері

4. Ақпаратты дайындау үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржы министрлігі), сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын бюджеттік мониторингтеу нәтижелері бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы тоқсан сайынғы талдамалық есептер;

2) Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерінің деректері;

3) Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

4) Есеп комитетіне тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарына сәйкес тексеру комиссиялары ұсынатын мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

5) Есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 9-НҚ нормативтік қаулысымен және Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 589 бұйрығымен бірлесіп бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12577 болып тіркелген) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара

іс-қимыл қағидаларына сәйкес, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметтерінің жұмыс көрсеткіштері туралы ұсынылатын ақпарат;

6) Есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

7) тиісті мемлекеттік органдардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысандағы, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы жедел есептілігі мен ақпараты дереккөздер болып табылады.

5. Есеп комитеті аппаратының құрылымдық бөлімшелері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей жоспарлауға, талдауға және есептілікке жауапты құрылымдық бөлімшеге (бұдан әрі – Бөлім) жұмыстың негізгі қорытындылары және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат ұсынады. Ұсынылатын ақпарат: сандық және сапалық көрсеткіштерді, жетекшілік ететін салалар бойынша проблемалық мәселелерді, Есеп комитетінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, алдағы міндеттерді, сондай-ақ өзге де ұсыныстарды қамтиды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің немесе Есеп комитеті Төрағасының тапсырмасы (сұрауы) бойынша Бөлім ақпарат ұсынудың өзге де мерзімдерін белгілейді.

6. Бөлім тексеру комиссияларынан алынған ақпараттың негізінде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, тексеру комиссиялары қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша жиынтық ақпарат қалыптастырады.

7. Бөлім құрылымдық бөлімшелерден және тексеру комиссияларынан алынған ақпарат негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 2-күнінен кешіктірмей ақпарат жобасын қалыптастырады және келісу үшін Есеп комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне, аппарат басшысына, мүшелеріне жібереді.

8. Ілеспе хаттың және ақпараттың жобалары жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге редакциялық сараптамаға (грамматиканың ережелеріне сәйкестігіне), кейіннен төрт жұмыс күні ішінде ақпараттың мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік тілді дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

9. Бөлім ақпарат ұсыну мерзіміне дейін бес жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің атына ілеспе хаттың (бұдан әрі – ілеспе хат) жобасын және ақпараттың жобасын Есеп комитеті Төрағасының қарауына енгізеді.

10. Бөлім ақпарат ұсыну мерзіміне дейін 2 жұмыс күні бұрын ілеспе хатты және ақпаратты Есеп комитетінің Төрағасына қол қоюға ұсынады.

11. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің Төрағасы қол қойған ілеспе хатты және ақпаратты Ақпарат ұсыну кестелерінде бекітілген мерзімдерде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізеді.

2-параграф. Ақпараттың құрылымы мен мазмұны

12. Ақпарат тоқсан сайынғы негізде ұсынылады және Есеп комитетінің жұмысын сипаттайтын деректерді, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігінің көрсеткіштерін көрсете отырып, тексеру комиссияларының есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері туралы жинақталған қорытындыларды қамтиды және мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Кіріспе;

II. Есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуын талдау;

III. Есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері:

1) Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

2) тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары.

IV. Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат.

V. Қорытынды:

1) тұжырымдар;

2) ұсынымдар.

Қажет болған жағдайда, тоқсан сайынғы ақпаратқа қосымша мәліметтерді енгізуге жол беріледі.

13. Ақпараттың құрылымы, мазмұны және көлемі осы Стандарттың 15-тармағын ескере отырып, сондай-ақ есепті кезеңде өзекті және маңызды мәселелердің бар-жоғына және қалыптастырылатын ақпараттың ерекшелігіне қарай нақтылануы немесе ұлғайтылуы мүмкін.

14. "Кіріспе" деген бөлімде ақпарат ұсынудың негізі мен мақсаты, сыртқы мемлекеттік аудит органдарының есепті кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары бойынша қысқаша мазмұны көрсетіледі.

15. "Есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуын талдау" деген бөлімде мыналар:

1) республикалық бюджеттің түсімдері мен кірістерінің атқарылуын талдау, соның ішінде:

республикалық бюджеттің кірісіне түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің толықтығы;

орындалмауына ықпал еткен себептер, соның ішінде елдің дамуының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін және әлемдік тауар нарығындағы жағдайды

көрсете отырып, жоспарлы көрсеткіштері орындалмаған салықтар, алымдар және міндетті төлемдер;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түскен салықтық түсімдер көлемдері; салықтық төлемдердің түрлері бойынша түсімдердің орындалмау себептерін көрсете отырып, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігі туралы тұжырымдар (мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері болған жағдайда);

2) есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуын талдау, соның ішінде:

республикалық бюджет туралы заңның бекітілген көрсеткіштерімен салыстырғанда, ауытқу себептері;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттің атқарылуы;

жергілікті атқарушы органдардың нысаналы трансферттер мен кредиттерді атқаруы ;

республикалық бюджеттің атқарылмау себептерін көрсете отырып, бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігі туралы тұжырымдар (мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері болған жағдайда) көрсетіле отырып, осы Стандартқа 1-4-қосымшаларға сәйкес республикалық бюджетке түсетін түсімдер, салықтық алымдар және жоспарлы көрсеткіштері орындалмаған міндетті төлемдер туралы, республикалық бюджет шығыстарының атқарылуы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджет қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты қамтиды.

"Есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуын талдау" деген бөлім 10 баспа параққа дейін тұрады (қосымшаларын есептемегенде).

16. "Есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлімде мыналар көрсетіледі:

1) Есеп комитеті бойынша:

осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда Есеп комитетінің есепті кезеңдегі қызметінің түйінді көрсеткіштері;

мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары, соның ішінде:

есепті кезеңде жүргізілген мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, тексерілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды және республикалық бюджетке түсетін түсімдер кезіндегі бұзушылықтар сомасы;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

әрбір іс-шара бөлінісінде есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі қорытындылары;

орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың (болған жағдайда) іске асырылуын, соның ішінде орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттарға, міндеттерге, индикаторларға және көрсеткіштерге қол жеткізу тиімділігін, сондай-ақ бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды іске асыру кезінде рәсімдердің сақталуын бағалау нәтижелері;

мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданған шаралар, соның ішінде:

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша нұсқамалар жіберу;

есепті кезеңде қалпына келтіруге жататын және қалпына келтірілген сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік) тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

Есеп комитеті ұсынымдарының және нұсқамаларының (тапсырмаларының) орындалуы;

2) тексеру комиссиялары бойынша:

тексеру комиссияларының есепті кезеңдегі және алдыңғы жылдың ұқсас кезеңіндегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары мыналар:

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

жүргізілген мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

қамтылған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің саны;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

есепті кезеңде қалпына келтіруге (өтеуге) жататын және қалпына келтірілген (өтелген) сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік) тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша қабылданған шаралар;

мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар мен нұсқамалардың (тапсырмалардың) орындалуы;

бір мемлекеттік аудиторға шаққанда тексеру комиссиялары қызметі тиімділігінің көрсеткіштері көрсетіле отырып осы Стандартқа 6-10-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілер саны және қаражат көлемі, тексеру комиссиялары анықтаған бұзушылықтар көлемі, аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша қалпына келтірілген және қалпына келтіруге жататын сомалардың көлемі, аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша ұсынымдар (ұсыныстар) мен тапсырмалардың орындалуы туралы ақпаратты қамтиды.

Тексеру комиссиялары жүргізген сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері туралы жинақталған ақпарат жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша әзірленген мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтиды.

"Есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлім тексеру комиссиялары бойынша ақпарат ескеріле отырып, 25 баспа параққа дейін болады (қосымшаларын есептемегенде).

17. Жылдың қорытындысы бойынша Есеп комитеті өзінің жұмысы туралы ақпаратпен қатар, Президентке мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының көрсеткіштері туралы ақпарат ұсынады.

Мемлекеттік аудит органдары жұмысының көрсеткіштері туралы жыл сайынғы ақпарат тексеру комиссияларының мәліметтерінен және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның есебінен, соның ішінде ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы есептен тұрады.

18. "Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат" деген бөлімде:

талдамалық қызметтің (мемлекеттік аудит саласындағы зерттеулер, дайындалған талдамалық баяндамалар бойынша);

әдіснамалық және құқықтық қызметтің (мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында әзірленген тексеру комиссияларына әдіснамалық көмек көрсету туралы әдіснамалық құжаттар және нормативтік құқықтық актілер бойынша);

бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыстың;

халықаралық ынтымақтастық саласындағы қызметтің;

Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының;

Есеп комитетінің, басқа да мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың қорытындылары туралы ақпарат көрсетіледі.

"Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі ақпарат" деген бөлім 10 баспа параққа дейін болады (қосымшаларын есептемегенде).

19. "Қорытынды" деген бөлімде есепті кезеңде сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелеріне негізделген және республикалық бюджетті атқарудың, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға, қаржы тәртібін нығайтуға бағытталған Есеп комитетінің тұжырымдары мен ұсынымдары көрсетіледі.

"Қорытынды" деген бөлім 5 баспа парақтан аспайды (қосымшаларын есептемегенде).

3-параграф. Ұсыну нысаны

20. Ақпарат мыналардан тұрады:

- 1) титулдық парақтан – 1 парақ;
- 2) мазмұнынан – 1 парақ;
- 3) негізгі мәтіннен – 50 параққа дейін.

Қажет болған жағдайда, ақпаратқа қосымша мәліметтер қоса беріледі (15 параққа дейін).

21. Титулдық парақта ақпараттың атауы, сондай-ақ оны дайындауға және ұсынуға жауапты мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

22. Ақпаратта тек нәтижелері бойынша Есеп комитетінің қаулылары қабылданған, аяқталған мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпарат ғана көрсетіледі.

23. Ақпаратта барлық сомалар алғашқы он таңбалық белгіге дейінгі дәлдікпен миллион немесе миллиард теңгеде көрсетіледі.

24. Ақпараттың мәтіндік форматы мынадай талаптарға сәйкес ресімделеді:

қаріп – Times New Roman, қажет болған жағдайда Arial қарпі пайдаланылуы мүмкін ;

қаріптің мөлшері – 14, қажет болған жағдайда 16-қаріп, ал кестелік материалдарда – 12-қаріп, қажет болған жағдайда 8-ші және 10-қаріп пайдаланылуы мүмкін;

жоларалық интервал – 1,5, қажет болған жағдайда 1,0 пайдаланылуы мүмкін;

беттің жиектері: сол жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см.;

абзацтық шегініс – 1,27 см.;

сөздер тасымалданбайды;

беттерді нөмірлеу – жоғарғы жағының ортасында, бірінші бетте нөмір көрсетілмейді.

Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

25. Құпия режимде жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып ұсынылады.

26. Ілеспе хат мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады және 5 баспа парақтан аспайды, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес келеді:

қаріп – Arial;

қаріптің мөлшері – 16;

жоларалық интервал – 1,5;

беттің жиектері: сол жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см.;

абзацтық шегініс – 1,27 см.;

сөздер тасымалданбайды;

беттерді нөмірлеу – жоғарғы жағының ортасында, бірінші бетте нөмір көрсетілмейді.

27. Есеп комитеті Төрағасының шешімі бойынша ақпараттың құрылымына және мазмұнына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3-тарау. Қазақстан Республикасының Парламентіне Есеп комитетінің жұмысы туралы ақпаратты дайындау және ұсыну

1-параграф. Ақпаратты қалыптастыру тәртібі және ұсыну мерзімдері

28. Есеп комитеті мемлекеттік аудитінің және сараптамалық-талдау қызметінің қорытындылары ақпаратты қалыптастыру үшін дереккөздер болып табылады.

29. Бөлім Есеп комитеті мемлекеттік аудитінің және сараптамалық-талдау қызметі қорытындыларының негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Парламентіне (бұдан әрі – Парламент) ақпараттың жобасын қалыптастырады және келісу үшін Есеп комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне, аппарат басшысына, мүшелеріне жібереді.

30. Ілеспе хаттың және ақпараттың жобалары жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге редакциялық сараптамаға (грамматиканың ережелеріне сәйкестігіне), кейіннен төрт жұмыс күні ішінде ақпараттың мемлекеттік тілге аударылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік тілді дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

31. Бөлім есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 20-күніне дейінгі мерзімде ілеспе хатпен бірге ақпараттың жобасын Есеп комитеті Төрағасының қарауына енгізеді.

32. Бөлім ілеспе хатты және ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 24-күнінен кешіктірмей Есеп комитетінің Төрағасына қол қоюға ұсынады.

33. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің Төрағасы қол қойған ілеспе хат пен ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей Парламент Мәжілісіне және Сенатына енгізеді.

2-параграф. Ақпараттың құрылымы мен мазмұны

34. Парламентке ақпарат тоқсан сайынғы негізде ұсынылады және нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштері көрсетіле отырып, Есеп комитетінің есепті кезеңдегі жұмысын сипаттайтын деректерді қамтиды және мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Кіріспе;

II. Есеп комитетінің мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері;

III. Қорытынды.

35. "Кіріспе" деген бөлімде ақпарат ұсынудың негізі мен мақсаты, Есеп комитетінің есепті кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары бойынша қысқаша мазмұны көрсетіледі.

36. "Есеп комитетінің есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдау іс-шараларының және қызметінің негізгі нәтижелері" деген бөлімде:

1) осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес, алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Есеп комитетінің есепті кезеңдегі қызметінің түйінді көрсеткіштері бойынша;

2) мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша, соның ішінде:

есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, тексерілген мемлекеттік аудит объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды кезіндегі және республикалық бюджетке түсетін түсімдердің атқарылуы кезіндегі бұзушылықтар сомасы;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының бөлінісінде есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі қорытындылары;

сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;

Есеп комитеті ұсынымдарының және нұсқамаларының орындалуы туралы ақпарат көрсетіледі.

37. "Есеп комитетінің есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлім 10 баспа параққа дейін болады (қосымшаларын есептемегенде).

38. "Қорытынды" деген бөлімде есепті кезеңде мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелеріне негізделген, республикалық бюджетті атқарудың, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға, қаржы тәртібін нығайтуға бағытталған Есеп комитетінің тұжырымдары мен ұсынымдары көрсетіледі.

"Қорытынды" деген бөлім 5 баспа парақтан аспайды.

3-параграф. Ақпарат ұсыну нысаны

39. Ақпарат мыналардан тұрады:

1) титулдық парақтан – 1 парақ;

2) мазмұнынан – 1 парақ;

3) мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың негізгі қорытындыларынан – 15 параққа дейін.

Қажет болған жағдайда, ақпаратқа қосымша мәліметтер қоса беріледі (5 параққа дейін).

40. Титулдық парақта ақпараттың атауы, сондай-ақ оны дайындауға және ұсынуға жауапты мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

41. Ақпаратта тек нәтижелері бойынша Есеп комитетінің қаулылары қабылданған, аяқталған мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы мәлімет ғана көрсетіледі.

42. Ақпаратта барлық сомалар алғашқы он таңбалық белгіге дейінгі дәлдікпен миллион немесе миллиард теңгеде көрсетіледі.

43. Ақпараттың мәтіндік форматы мынадай талаптарға сәйкес ресімделеді:

қаріп – Times New Roman, қажет болған жағдайда Arial қарпі пайдаланылуы мүмкін ;

қаріптің мөлшері – 14, қажет болған жағдайда 16-қаріп, кестелік материалдарда – 12-қаріп, қажет болған жағдайда 10-ші және 8-қаріп пайдаланылуы мүмкін;

жоларалық интервал – 1,5, қажет болған жағдайда 1,0 пайдаланылуы мүмкін;

беттің жиектері: сол жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см.;

абзацтық шегініс – 1,27 см.;

сөздер тасымалданбайды;

беттерді нөмірлеу – жоғарғы жағының ортасында, бірінші бетте нөмір көрсетілмейді.

Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

44. Құпия режимде жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып ұсынылады.

4-тарау. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың мәслихатына және әкіміне ақпаратты дайындау және ұсыну

1-параграф. Ақпаратты қалыптастыру тәртібі және ұсыну мерзімдері

45. Ақпаратты дайындау үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын бюджеттік мониторингтеу нәтижелері бойынша жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы тоқсан сайынғы талдамалық есептер;

2) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері;

3) тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

4) тексеру комиссиясының ақпараттық жүйесі;

5) тиісті мемлекеттік органдардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысандағы, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы жедел есептілігі мен ақпараты дереккөздер болып табылады.

46. Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымдық бөлімшелері есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімшеге есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей жұмысының негізгі қорытындылары және қол жеткізген нәтижелері туралы ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) ұсынады. Ұсынылатын ақпарат: сандық және сапалық көрсеткіштерді, жетекшілік ететін салалар бойынша проблемалық мәселелерді, тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды, алдағы міндеттерді, сондай-ақ өзге де ұсыныстарды қамтиды. Тексеру комиссиясы Төрағасының тапсырмасы бойынша есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімше ақпарат ұсынудың басқа да мерзімдерін белгілейді.

47. Есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімше құрылымдық бөлімшелерден алынған ақпарат негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-

күнінен кешіктірмей ақпарат жобасын қалыптастырады және келісу үшін тексеру комиссиясының құрылымдық бөлімшелеріне, аппарат басшысына, мүшелеріне жібереді.

48. Есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімше ақпарат ұсыну мерзіміне дейін бес жұмыс күні бұрын тексеру комиссиясының Төрағасына немесе мүшесіне қарауға облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың мәслихаты хатшылығының және әкімінің атына ілеспе хаттың (бұдан әрі – ілеспе хат) жобасын және ақпараттың жобасын енгізеді.

49. Есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімше ақпарат ұсыну мерзіміне дейін 2 жұмыс күні бұрын ілеспе хатты және ақпаратты тексеру комиссиясының Төрағасына немесе мүшесіне қол қоюға ұсынады.

50. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше тексеру комиссиясының Төрағасы немесе мүшесі қол қойған ілеспе хатты және ақпаратты тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі бойынша тиісті мәслихатқа және әкімге есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 20-күнінен кешіктірмей енгізеді.

Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі бойынша ағымдағы бағалау нәтижелері облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың мәслихаттары мен әкіміне ұсынылады.

2-параграф. Ақпараттың құрылымы мен мазмұны

51. Ақпарат тоқсан сайынғы негізде ұсынылады және нәтижелілік, тиімділік көрсеткіштерін көрсете отырып, тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі жұмысын сипаттайтын деректерді қамтиды және мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Кіріспе;

II. Есепті кезеңдегі тиісті бюджеттің атқарылуын талдау;

III. Есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері;

IV. Тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат.

V. Қорытынды:

1) тұжырымдар;

2) ұсынымдар.

Қажет болған жағдайда, тоқсан сайынғы ақпаратқа қосымша мәліметтерді енгізуге жол беріледі.

52. Ақпараттың құрылымы, мазмұны және көлемі осы Стандарттың 54-тармағын ескере отырып, сондай-ақ есепті кезеңде өзекті және маңызды мәселелердің бар-жоғына және қалыптастырылатын ақпараттың ерекшелігіне қарай нақтылануы немесе ұлғайтылуы мүмкін.

53. "Кіріспе" деген бөлімде ақпарат ұсынудың негізі мен мақсаты, тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары бойынша қысқаша мазмұны көрсетіледі.

54. "Есепті кезеңдегі тиісті бюджеттің атқарылуын талдау" деген бөлімде мыналар:

1) бюджеттің түсімдері мен кірістерінің атқарылуын талдау, соның ішінде:

бюджеттің кірісіне түсетін салықтық, салықтық емес және басқа да түсімдердің толықтығы;

орындалмауына ықпал еткен себептерді, соның ішінде өңірдің дамуының негізгі көрсеткіштерін көрсете отырып, жоспарлы көрсеткіштері орындалмаған салықтар, алымдар және міндетті төлемдер;

салықтық төлемдердің түрлері бойынша түсімдердің орындалмау себептерін көрсете отырып, салықтық әкімшілік етудің тиімділігі туралы тұжырымдар (мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері болған кезде);

2) есепті кезеңдегі бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуын талдау, соның ішінде:

бюджеттің тиісті деңгейі туралы мәслихат шешімінің бекітілген көрсеткіштерімен салыстырғанда, ауытқу себептері;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттің атқарылуы;

жергілікті атқарушы органдардың нысаналы трансферттер мен кредиттерді атқаруы ;

бюджеттің атқарылмау себептерін көрсете отырып, бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігі туралы тұжырымдар (мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері болған кезде) көрсетіле отырып, осы Стандартқа 2-4, 11-қосымшаларға сәйкес бюджет түсімдері, жоспарлы көрсеткіштері орындалмаған салықтық алымдар және міндетті төлемдер, бюджет шығыстарының атқарылуы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты қамтиды.

"Есепті кезеңдегі тиісті бюджеттің атқарылуын талдау" деген бөлім 10 баспа параққа дейін тұрады (қосымшаларын есептемегенде).

55. "Есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлімде мыналар:

1) осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі қызметінің түйінді көрсеткіштері;

2) мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары, соның ішінде:

есепті кезеңде жүргізілген мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, тексерілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

тиісті бюджет қаражатының жұмсалуды және бюджетке түсетін түсімдер кезіндегі бұзушылықтар сомасы;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

әрбір іс-шара бөлінісінде есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі қорытындылары;

бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын бағалау нәтижелері (болған кезде);

мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша қабылданған шаралар, соның ішінде:

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша нұсқамаларды жіберу;

есепті кезеңде қалпына келтіруге жататын және қалпына келтірілген сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік) тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

тексеру комиссиясы ұсынымдары мен нұсқамаларының (тапсырмаларының) орындалуы көрсетіледі.

"Есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлім 15 баспа параққа дейін болады (қосымшаларын есептемегенде).

56. "Тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат" деген бөлімде:

талдамалық қызметтің (дайындалған талдамалық баяндамалар бойынша);

әдіснамалық және құқықтық қызметтің (мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында әзірленген әдіснамалық құжаттар және нормативтік құқықтық актілер бойынша);

бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыстың;

тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының;

тексеру комиссиясы қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың қорытындылары туралы ақпарат көрсетіледі.

"Тексеру комиссияларының қызметін жетілдіру жөніндегі ақпарат" деген бөлім 2 баспа параққа дейін болады (қосымшаларын есептемегенде) және мәслихатқа жіберілетін ақпараттың құрамында ұсынылады.

57. "Қорытынды" деген бөлімде тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелеріне негізделген және жергілікті бюджетті атқарудың, бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға, қаржы тәртібін нығайтуға бағытталған тұжырымдары мен ұсынымдары көрсетіледі.

"Қорытынды" деген бөлім 3 баспа парақтан аспайды (қосымшаларын есептемегенде).

3-параграф. Ұсыну нысаны

58. Ақпарат мыналардан тұрады:

- 1) титулдық парақтан – 1 парақ;
- 2) мазмұнынан – 1 парақ;
- 3) негізгі мәтіннен – 30 параққа дейін.

Қажет болған жағдайда, ақпаратқа қосымша мәліметтер қоса беріледі (15 параққа дейін).

59. Титулдық парақта ақпараттың атауы, сондай-ақ оны дайындауға және ұсынуға жауапты мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

60. Ақпаратта тек нәтижелері бойынша қаулылары қабылданған, аяқталған мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы мәлімет ғана көрсетіледі.

61. Ақпаратта барлық сомалар алғашқы он таңбалық белгіге дейінгі дәлдікпен мың немесе миллион теңгеде көрсетіледі.

62. Ақпараттың мәтіндік форматы мынадай талаптарға сәйкес ресімделеді:

қаріп – Times New Roman, қажет болған жағдайда Arial қарпі пайдаланылуы мүмкін ;

қаріптің мөлшері – 14, қажет болған жағдайда 16-қаріп, кестелік материалдарда – 12-қаріп, қажет болған жағдайда 8-ші және 10-қаріп пайдаланылуы мүмкін;

жоларалық интервал – 1,5, қажет болған жағдайда 1,0 пайдаланылуы мүмкін;

беттің жиектері: сол жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см.;

абзацтық шегініс – 1,27 см.;

сөздер тасымалданбайды;

беттерді нөмірлеу – жоғарғы жағының ортасында, бірінші бетте нөмір көрсетілмейді.

Ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

63. Құпия режимде жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып ұсынылады.

64. Ілеспе хат мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады және 5 баспа парақтан аспайды, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес болады:

қаріп – Arial;

қаріптің мөлшері – 16;

жоларалық интервал – 1,5;

беттің жиектері: сол жағы, жоғарғы және төменгі жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см.;

абзацтық шегініс – 1,27 см.;

сөздер тасымалданбайды;

беттерді нөмірлеу – жоғарғы жағының ортасында, бірінші бетте нөмір көрсетілмейді.

65. Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі бойынша ақпараттың құрылымына және мазмұнына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылуын
ағымдағы бағалауды жүзеге
асыру бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына
1-қосымша

_____ ЖЫЛҒЫ _____ ТОҚСАНДА (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
республикалық бюджетке түскен түсімдер туралы ақпарат

млрд. теңге

[illegible]

Салықтық түсімдер, соның ішінде:									
Табыс салығы									
Қосылған құн салығы									
Акциздер									
Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер									
Халықаралық саудаға және сыртқы операцияларға салынатын салықтар									
Өзге де салықтық түсімдер									
Салықтық емес түсімдер									
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер									
Трансферттер түсімдері									
Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер									
Ұлттық қордан т рансферттер									
Бюджеттік кредиттерді өтеу									
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер									
Қарыздардың түсімдері									

Республикалық және жергілікті

_____ жылғы _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
жоспарлы көрсеткіштері орындалмаған салықтар, алымдар
және міндетті төлемдер

Р / с №	Көрсеткіштер атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Ауытқу	Атқарылу %
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
...					
	ЖИЫНЫ				

_____ ЖЫЛҒЫ _____ ТОҚСАНДА (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
_____ бюджет шығыстарының атқарылуы

[illegible]

Шығыстар										
Шығындар										
Бюджеттік кредиттер										
Қаржы активтерін сатып алу										
Қарыздарды өтеу										

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына 4-қосымша

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің
_____ жылғы _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
_____ бюджет қаражатын пайдалануы туралы ақпарат

млн. теңге

Атауы	Есепті қаржы жылына арналған бюджет (нақтылан)	Есепті кезең					Жиыны: игерілмегені және атқарылмағаны	Игерілмегені %-бен
		Жоспар	Кассалық атқару	игерілмегені және атқарылмағаны				
				бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша	жергілікті атқарушы органдар бойынша			
					нысаналы трансферттер	бюджеттік кредиттер		
1	2	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны								
Жиыны								
Соның ішінде әкімшілер бойынша								
1.								
2.								
3.								
и т.д.								

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және

**_____ ЖЫЛҒЫ _____ ТОҚСАНДАҒЫ (ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ, 9 айдағы, жылғы)
қызметтің түйінді көрсеткіштері**

Р/ с №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Алдыңғы жылғы ұқсас кезеңде _____ _____ жылғы _____ тоқсан (жартыжыл-дық, 9 ай, жыл)	Есепті кезеңде _____ _____ жылғы _____ тоқсан (жартыжыл-дық, 9 ай, жыл)	ауытку %-бен, есе
1	2	3	4	5	6
I. Сандық көрсеткіштер					
1.	Мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны	Бірлік (бұдан әрі – бірл.)			
2.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілердің саны	бірл.			
3.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі	млн. теңге			
4.	Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары, соның ішінде	млн. теңге			
-	қаржылық бұзушылықтар	млн. теңге			
-	рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар	млн. теңге			
-	Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары	млн. теңге			
-	тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері	млн. теңге			
-	тиімсіз жоспарланғаны	млн. теңге			
5.	Анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны	бірл.			
6.	Бір объектіге шаққанда анықталған бұзушылықтар сомасы, соның ішінде	млн. теңге			
-	бір объектіге шаққанда анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы	млн. теңге			
II. Сапалық көрсеткіштер					

7.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда анықталған бұзушылықтардың үлесі, соның ішінде	%-бен			
-	мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда анықталған қаржылық бұзушылықтардың үлесі	%-бен			
8.	Есеп комитетін ұстауға бөлінген қаражатқа шаққанда өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген) сомалардың арақатынасы				
9.	Өтеуге (қалпына келтіруге, есеп бойынша көрсетуге) жататын қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда іс жүзінде өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген) сомалардың үлесі <i>(мерзімі келгендерімен бірге)</i>	%-бен			
10.	Өтеуге (қалпына келтіруге, есеп бойынша көрсетуге) жататын қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда іс жүзінде өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген) сомалардың үлесі	%-бен			
11.	Есеп комитетінің тапсырмалары мен ұсынымдарының орындалу үлесі (орындау мерзімі келгендерімен бірге)	%-бен			
12.	Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша Есеп комитетінің орындалған ұсынымдарының үлесі	%-бен			

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына 6-қосымша

Тексеру комиссияларының

_____ жылғы _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)

мемлекеттік аудитпен қамтыған объектілер саны және қаражат көлемі

			соның ішінде:					Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бойынша мемлекеттік аудитпен қамтылған
			жергілікті бюджет	Республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер	Республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттері	Республикалық бюджеттен берілген		
	Мемлекеттік аудитпен	Мемлекеттік аудитпен қамтылған						

Өңірдің атауы	қамтылған объектілер саны, бірлік	қаражат көлемі, млн.теңге				ағымдағы нысаналы трансферттер	мемлекет активтері	қаражат көлемі, млн.теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ақмола облысы								
Ақтөбе облысы								
Алматы облысы								
Атырау облысы								
Шығыс Қазақстан облысы								
Жамбыл облысы								
Батыс Қазақстан облысы								
Қарағанды облысы								
Қостанай облысы								
Қызылорда облысы								
Маңғыстау облысы								
Павлодар облысы								
Солтүстік Қазақстан облысы								
Оңтүстік Қазақстан облысы								
Алматы қ.								
Астана қ.								
ЖИЫНЫ:								

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылуын
ағымдағы бағалауды жүзеге
асыру бойынша сыртқы

**_____ жылғы _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
тексеру комиссиялары анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасы
нормалары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері
актілері бұзушылықтарының көлемі**

млн.теңге

Өңірдің атауы	Барлық анықталған бұзушылықтар	соның ішінде				
		қаржылық бұзушылықтар	рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар	Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары	тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері	тиімсіз жоспарлау
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола облысы						
Ақтөбе облысы						
Алматы облысы						
Атырау облысы						
Шығыс Қазақстан облысы						
Жамбыл облысы						
Батыс Қазақстан облысы						
Қарағанды облысы						
Қостанай облысы						
Қызылорда облысы						

Маңғыстау облысы						
Павлодар облысы						
Солтүстік Қазақстан облысы						
Оңтүстік Қазақстан облысы						
Алматы қ.						
Астана қ.						
ЖИЫНЫ:						

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына 8-қосымша

_____ ЖЫЛҒЫ _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы) тексеру комиссиялары анықтаған қаржылық бұзушылықтардың көлемі

млн. теңге

Өңірдің атауы	Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы	соның ішінде						
		бағыттар бойынша:			қаржыландыру көздері бойынша:			
		бюджет қаражатын пайдалану кезінде	активтерді пайдалану кезінде	бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жүргізу кезінде	бюджетке түсетін түсімдер бойынша	жергілікті бюджет	Республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер	Республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттері
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ақмола облысы								
Ақтөбе облысы								
Алматы облысы								
Атырау облысы								
Шығыс Қазақстан облысы								

Ақмола облысы									
Ақтөбе облысы									
Алматы облысы									
Атырау облысы									
Шығыс Қазақстан облысы									
Жамбыл облысы									
Батыс Қазақстан облысы									
Қарағанды облысы									
Қостанай облысы									
Қызылорда облысы									
Маңғыстау облысы									
Павлодар облысы									
Солтүстік Қазақстан облысы									
Оңтүстік Қазақстан облысы									
Алматы қ.									
Астана қ.									
ЖИЫНЫ:									

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына 10-қосымша

 ЖЫЛҒЫ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындысы

бойынша ұсынымдардың (ұсыныстардың) және тапсырмалардың орындалуы

[illegible]

Астана қ.									
ЖИЫНЫ:									

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің атқарылуын
ағымдағы бағалауды жүзеге
асыру бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің және
қаржылық бақылаудың рәсімдік
стандартына
11-қосымша

_____ жылғы _____ тоқсанда (жартыжылдықта, 9 айда, жылы)
облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың
бюджетіне, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түскен түсімдер
туралы ақпарат

МЛН. ТЕҢГЕ

[illegible]

Табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер									
Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізу үшін алымдар									
Өзге де салықтық түсімдер									
Салықтық емес түсімдер									
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер									
Трансферттер түсімдері									
Жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттер									
Субвенциялар									
Бюджеттік кредиттерді өтеу									
Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер									
Қарыздар түсімдері									